



Жоғары оқу орындарының басшыларына

*2020 жылғы 20 маусым мен 5 шілде
аралығында өткізілетін Ұлттық
бірыңғай тестілеудің деректер
базасын қалыптастыру мәселелері
бойынша нұсқаулық хат*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына (бұдан әрі – Қағида) сәйкес маусым-шілде айларында өткізілетін Ұлттық бірыңғай тестілеуге (бұдан әрі – ҰБТ) қатысу үшін түсушілер өтініштерді желілік жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) қабылдау комиссияларына тапсырады.

1. Ағымдағы жылы Қағидаға енгізілетін ҰБТ жаңалықтары:

1) Құжат қабылдау мерзімдерінің өзгерісі:

Орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілерінен өтініштер ағымдағы жылғы 1-30 сәуір аралығында қабылданады.

Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ тұлғалардан өтініштер ағымдағы жылғы 1 сәуір – 5 мамыр аралығында қабылданады.

2) ЖОО-ға ақылы негізде қабылдау үшін жоғары оқу орнының бірінші академиялық кезеңі аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде ағымдағы оқу жылы қабылданған тұлғалардан өтініштер ағымдағы жылғы 1-30 сәуір аралығында қабылданады.

3) Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ күнтізбелік жылғы бітірушілер аттестат немесе дипломның орнына еркін түрдегі нысан бойынша өзі білім алатын орта білім беру ұйымының анықтамасын және осы анықтаманың нотариалды куәландырылған қазақша немесе орысша аудармасын тапсыра алады.

4) Түсушілерді тестілеуге кіргізу барысында металлiздегіштерді қолдану кезінде тыйым салынған зат табылған түсушіге Министрлік өкілі «ҰБТ өткізу пункттерінің ғимаратына кіреберісте, металлiздегіш құралды қолдану кезінде тестілеуге тыйым салынған заты табылған түсушіні ғимараттан шығару туралы» актісін жасайды, түсуші тестілеуге кіргізілмейді.

5) ҰБТ қорытындысы бойынша тестілеу нәтижелері Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі – Орталық) сайтында жарияланатын болады. Нәтижені көру тестіленушінің ТЖК-сы мен ЖСН-ын енгізу арқылы мүмкін болады. Бланк түріндегі сертификат берілмейді. ЖОО-ға тестілеу нәтижелерін тексеру үшін сілтеме жіберіледі.

6) ЖОО түсушінің тестілеуге ақы төлегеніне көз жеткізуі қажет, түсуші ақы төлегені туралы түбіректі тапсырады немесе төлемді растайтын құжаттарды (түбіртектің көшірмесі, фотосы немесе скриншоты) ұсынады.

7) ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін Орталық тестілеуді бейнебақылау жазбаларынан қарауды жүзеге асырады.

ҰБТ кезінде оқуға түсушілердің Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген тыйым салынған заттардың біреуін пайдаланғаны анықталған жағдайда тестілеу нәтижелері (ҰБТ балдары), сондай-ақ республикалық (жергілікті атқарушы орган) бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурстың нәтижелері жойылады.

8) Ел аумағында енгізілген төтенше жағдайға (бұдан әрі – ТЖ) байланысты өтініштерді қабылдауды 15 сәуірден бастау қажет. Аталған ақпаратты ҰБТ-ға қатысуға ниет білдірген түсушілерге ЖОО-ның ресми аккаунттары мен ақпараттық тақталары арқылы міндетті түрде жеткізу қажет.

2. Өтініш қабылдау кезеңінде желілік ЖОО-да атқарылатын іс-шаралар:

1) Дайындық кезеңі:

- Компьютерлерді дайындау және олардың интернет желісіне қосылуын қамтамасыз ету.

- «Өтініш ҰБТ-2020» веб-қосымшасына логин мен пароль (авторизация) арқылы кіру. «Өтініш ҰБТ-2020» веб-қосымшасына кіру сілтемесі: <http://ent2020.testcenter.kz>.

Логин мен парольдер Орталықтан әрбір ЖОО-ның электронды пошта адрестеріне 2020 жылғы 13 сәуірде жіберіледі.

Ескерту: электронды пошта адрестері өзгерген жағдайда Орталыққа алдын ала хабарлау қажет.

2) Тестілеуге өтініш берген түсушіден құжат қабылдауды және деректер базасына қосылғандығы туралы анықтаманы беруді ұйымдастыру.

15 сәуірден бастап түсуші <http://ent2020.testcenter.kz> сайты арқылы ҰБТ-ға алдын ала өтініші (тіркеуден өткеннен кейін мүмкін болады) бере алады. Аталған интерфейсте түсуші өзінің жеке мәліметтерін енгізгеннен кейін екі түрлі әдіспен: банк карточкасы немесе Kaspi.kz арқылы тестілеуге ақы (міндетті төлем батырмасы

бар) төлеуі тиіс. Бұл жағдайда төлемді растаудың немесе түбіртеккі тапсырудың қажеті жоқ. Тестілеу бағасы – 2242 теңге.

ТЖ режимі алынғаннан кейін ЖОО-ға түсуші келесі құжаттарды:

1) өтініш (ЖОО-да беріледі);

2) 3 x 4 көлемдегі екі фотосурет;

3) орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатты (түпнұсқа);

Ескерту:

- *техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күнтізбелік жылғы бітірушілері білімі туралы құжаттың орнына Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім алған мамандығының (біліктілігінің) коды мен атауын көрсете отырып, өзі оқыған білім беру ұйымы беретін, ағымдағы жылы оқуды аяқтағандығы туралы анықтама береді.*

- *Халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ күнтізбелік жылғы бітірушілер аттестат немесе дипломның орнына еркін түрдегі нысан бойынша өзі білім алатын орта білім беру ұйымының анықтамасын және осы анықтаманың нотариалды куәландырылған қазақша немесе орысша аудармасын тапсыра алады.*

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

5) электронды нысандағы 086-У нысандағы медициналық анықтаманы тапсырады.

Бұл ретте, ЖОО-ға ақылы негізде қабылдау үшін жоғары оқу орнының бірінші академиялық кезеңі аяқталғанға дейін күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданған адамдар 086-У нысандағы медициналық анықтама мен аттестат (диплом) тапсырмайды.

3. Қорытынды мәліметтерді жіберуге дайындық:

1) Деректер базасына енгізілген түсушілердің мәліметтерін жеке басын куәландыратын құжат бойынша қайта тексеру.

2) Орталыққа кейбір төлемдер бойынша мәліметтерді нақтылау мен ұсыну үшін (сұраныс бойынша) Желілік ЖОО-ның төлем түбіртектерінің электронды көшірмелер базасы болуы қажет.

Өтініштерді қабылдау деректер базасы жабылғаннан кейін Орталық тестілеу төлемдерін тексереді. Осыған орай, төлем түбіртектеріндегі мәліметтерге мұқият назар аударуларыңызды сұраймыз:

А) Операция орындау кезіндегі қате (*төлем банк тарапынан өтпейді*);

Б) Түсушінің ЖСН-і төлем түбіртегінде қате жазылған;

В) Төлемді түсушіге үшінші тұлға жасаған;

Г) Төлем басқа мекеменің шотына аударылған.

А және Г жағдайында төлемді қайта төлеу қажет. Б және В жағдайында Орталықтың сұранысы бойынша түбіртектердің электронды тізілімін (Орталық нысаны бойынша) жіберу керек.

Ескерту: «Өтініш ҰБТ-2020» веб-қосымшасы 2020 жылғы 30 сәуір күні Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 18:00-де автоматты түрде жабылады.

Ал халықаралық алмасу желісі бойынша шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ тұлғалардан өзге тұлғалар үшін 2020 жылғы 5 мамырда жабылады.

4. Рұқсаттамаларды рәсімдеу және тарату:

1) Желілік ЖОО-да рәсімделген рұқсаттама мен рұқсаттама түбіртегіне желілік ЖОО-ның жауапты хатшысы қол қояды және желілік ЖОО-ның мөрі басылады.

2) Желілік ЖОО-ның жауапты хатшылары рұқсаттама түбіртекттерін, рұқсаттаманы тарату тізілімін және тестіленушінің мәліметтерін өзгерту журналын (Е-13) (бар болған жағдайда) базалық ЖОО-ның жауапты хатшысына тапсырады.

Өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру жұмыстары бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8-(7172) - 695292, 695280, 695071, 695096, 695287 (198, 186, 129, 132, 193);

Бағдарламалық жабдықтаулардың жұмысы бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8-(7172)-69-50-62, 69-52-57, 69-50-67, 97-81-85 (136, 163, 108, 121).

Директор

Д. Смагулов